



**Амангелді аудандық орталық кітапханасының  
библиография бөлімі**



**Жұма-Назар Сомжүрек  
«Ағысқа қарсы жүзген ақын»**

**туғанына 80 жыл**

*/ жаднама /*

**Амангелді, 2020 ж.**

## Ақынның шығармашылық жолы

**Жұмаш Сомжүреков** 1940 жылы 1 ақпанда Торғай облысы, Аманкелді ауданы, «Қайыңды» ұжымшарында туған. 1957 жылы мектеп бітіріп, үш жыл шопан болған. 1964 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. Әр жылдарда мұғалім, жастар жетекшісі, республикалық «Қазақстан ауыл шаруашылығы» журналында, облыстық «Торғай таңы» газетінде тілші болып жұмыс істеген.

Өткір әдеби сындары, проблемалық, әлеуметтік тақырыптарды өзек еткен көптеген мақалалары республикалық баспасөз беттерінде жарияланған. «Көктем тынысы», «Нұрлы нысана» атты өлең кітаптары, «Сарыарқа» таңдамалы жыр жинағы шыққан

«Жазушы деген сөз қалаушысы, сөз кестешісі, сөз зергері, зергері болғанда жәй ғана зергер емес, сөз арқылы адамның жан дүниесін, сана-сезімін тәрбиелейтін зергер. Сондықтан да ол «адам жанының инженері». Қазақтың айтулы қаламгері Сәкен Сейфуллин қолына қалам алған жазушылар қауымына осылайша баға береді. Қазіргі таңда әдебиетті ардың ісі деп біліп, жыр әлемінде өзіндік өрнегімен өз оқырмандарының көңілінен шығып жүрген ақын – Жұма-Назар Сомжүрек. Ақынның лирикалық өлеңдері мен рухты жырлары жыл басында «Сарыарқа сазы» атымен екі том болып жарық көрді. Алғашқы томға жырлары еңсе, екінші томда поэмалары мен жазбаша айтыстары, теориялық еңбектері жинақталған. Сонымен бірге көпшілікке Ж. Сомжүрек сыншы, әдебиетші ретінде таныс.

«Сарыарқа сазы» – жерлесіміздің жинағы Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі ақын әрі сыншы Жұма-Назар Сомжүректің «Сарыарқа сазы» атты өлеңдері мен поэмаларының және басқа шығармаларының көлемді қос томдығының тұсау кесері Астана қаласындағы «Тілеп-қобыз» сарайында өткізіліп, ол поэзия-жыр тойына ұласты. Жыр мерекесінің бірінші бөлімінде ақынның өлеңдеріне жазылған әндер шырқалып, жырлары көркемдеп оқылып, ара-арасында күйлер күмбірлеп жиналған көрермен қауымның құлақ құрышын қандырды. Жыр мерекесіне осы «Тілеп-қобыз» сарайында құрылған, атағы алысқа жайыла бастаған «Көк түріктер» халық аспаптары оркестрі қызмет көрсетті. Осы концерт үстінде ақын жырларына шығарылған Торғайлық талантты сазгерлер Қалибек Деріпсалдин, Айтбай Мұздақанов, Балхаш Нақанов және Қайыржан Мақановтың бірнеше тамаша әндерінің тұсауы кесілді. Ол әндерді Астана опера-балет театрының жетекші солисті, бірнеше халықаралық конкурстардың жеңімпаз лауреаты Сүндет Байғожин, Астана филармониясының әншісі Сымбат Тасбергенова және Нұрболат Арзамасұлы сынды жас таланттар орындап, жаңа әндердің бағын жандырып жолын ашты. Жыр мерекесінің екінші бөлімінде әдебиет сыншылары мен ақындар және өлең түсініп сүйсініп оқитын елге белгілі тұлғалар сөз алып, Сомжүрек өлеңдерінің мәнділігі мен маңыздылығын, көркемдігін,

сезімді қозғап жүрекке жетіп жататын ойнақылық ерекшеліктерін айтып, жоғары бағалады. Атап айтқанда, сыншы, сөз өнерінің білгірі, Л.Гумилов атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры Серік Негимов, ҚР парламент мәжілісінің депутаттары: жазушы Алдан Смайлов, Абай Тасболатов, Рамазан Сарпеков және ғалым һәм мемлекет қайраткері Әділ Ахметов, экс депутат Әбілмәжін Бәкір, ақындар Айнұр Әбдірәсілқызы мен Әбжан Әбілтаевтар өз сөздерінде Сомжүректің «Сарыарқа сазы» қос томдығындағы өлеңдердің қазіргі қазақ поэзиясы сапынан ойып тұрып өз орынын алатынын қадап айтты. Осынау жыр кешінде ерекше есте қалатын көрініс болды. Парламент депутаты, генерал-лейтенант Абай Тасболатов: «Жүке, мен сіздің «Сарыарқа сазы» қос томдығыңыз қолыма тигелі оны бас ала алмай сүйсіне оқып, ақындығыңызға әбден риза болдым. Өлеңдеріңіз шетінен тамаша! Әсіресе, қыздар мен аруларға арнаған жырларыңыз бен поэмаларыңызды қайта-қайта оқи бергің келеді. Табиғат құбылыстары мен тамашаларын суреттеген өлеңдеріңіз де өлең түсінетін оқырмандарыңызды еріксіз сүйсінтері сөзсіз!..» дей келіп: « Мен әскери генерал болсам, сіз поэзия маршалы екенсіз, алдыңызда тік тұрып честь беремін!» деп, тіп-тіке тұрып, қолын шекесіне қойып, құрмет көрсетті. Мына көрініс, шынында да, жан толқытар көрініс болды. Ол оқырмандардың ортақ ойын, ақынға ортақ құрметін білдіріп, жинақтап берді десек керек. Сөйлеушілердің қай-қайсысы да Жұма-Назар жырларының шынайылығын, ал өзінің қарапайым көрінгенімен өмірде көсемсөздерімен үнемі проблемалар көтеріп жүретін күрескер тұлға екенін айтып, ақынның мерейін өсіріп, көңілін тасытты. Сөйтіп, поэзия-жыр кеші мерекесіне жиналған көрермен-тыңдармандар мол рухани азық арқалап қайтты. Мына нарық заманында әр томы 35 баспа табақ жыр жинақ шығару қай ақынға да қиын. Бұл «Сарыарқа сазы» қос томдығы Шымкенттік елге белгілі меценат кәсіпкерлер ағайынды Сейтжановтар Серікжан мен Әлімжанның демеушілігімен Астанадағы «Сарыарқа» баспасынан ерекше көркемделіп, жаңаша дизайнмен безендіріліп жарық көрген. Автор да, жыр кешіне жиналғандар да оларға ақ алғыстарын жаудырды. Сөйтіп, Сомжүректің «Сарыарқа сазы» қос томдық жыр жинағы оқырмандарға жол тартты.

### **Ақынның атасы Назар абыз әулие**

Басы Абылайдан бастап хандарымыз бен билерімізге, батырларымыз бен бектерімізге, басқа аруақты ата-бабаларымызға арнап ас беріп, жаңа ескерткіштер орнатып, бұрынғыларын жаңалап жатырмыз. Сондай бір аруақты еске алып, ас беріп, ескерткіш ашу рәсімі бұрнағы жылы Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, «Қызбел» ұжымшары орталығында болды. Ас Назар абыз әулиенің аруағына арналып берілді. Назар – біздің жетінші атамыз, бұдан үш ғасыр бұрын дүниеге келіп ғұмыр кешкен, Абылай заманының адамы. Ол кісі туралы хатқа түскен тарихи деректер жоқ. Ұрпақтан ұрпаққа, баладан балаға ауызша жетіп келе жатқан

әулие атамыздың атына кішкентайымыздан қанық боп өстік. Әкеміздің де, шешеміздің де Құдай мен пайғамбардан кейін сиынатын кісісі сол Назар абыз болатын.

Әкеміз Әбдірахман сауаты жоқ болғанымен, ескі әңгімелерге құлағы түрік, өзі де соларды айта отыратын. Әсіресе, Назар абыз атасына байланысты аңыз әңгімелердің біразын білуші еді.

Біз Ұзын Қыпшақтың бір бұтағы Әжіқабай аталатын көп өсе қоймаған румыз. Ру аты Әжік және Қабай атты ағайынды екі кісінің атының қосылып айтылуынан пайда болған.

Ал енді руымыздың аз, өсе қоймағанының бір өкінішті сыр-себебі бар. Назар абыз атамыз атақты Тілеулі батырдың әрі замандасы, әрі досы, екеуі де Ұзын Қыпшақ туыстар болған. Жас жігіт кездері. Бірде Назар, Тілеулі және Сазан – үшеуі жылқының кезегіне барады. Сол жылы қыс қатты болып, бір апта бойы сұрапыл боран соғып, қостан сыртқа шығудың өзі мұң боп қалған көрінеді. Тілеулі мен Сазан «ойпырмай, жылқы ығып кетіп, оқпанға құлап опат болған шығар. «Мал – жан садағасы» деп біздің бас сауғалап отырысымыз мынау», – деп мазасызданады. Назар бабамыз оларды: «Сабыр сақтаңдар, жылқы аман. Қырдан қоғаға құлап, ықтасын тауып тебіндеп жатыр. Саспаңдар, боран да ашылады», – деп тыныштандырады.

– Е, қоста отырып, сен оны қайдан білесің? Көріпкелің бар ма еді? – деп сұрайды екеуі.

– Бар болса бар да шығар. Қамбар ата жылқымызды қақпайлап ит-құстан да қорып жүр, – дейді Назар. Тілеулі мен Сазан бұған сенер-сенбесін білмейді. Амалсыз боранның ашылуын күтеді. Жылқы іздеуге шықса, өздері адасып мерт болулары мүмкін. Боран да ашылып, үшеуі атқа қонып, жылқыны іздеп табады. Сабырсыз Сазан атын қамшылап алда шауып бара жатады. Жылқы шетінде киімі жұпыны бір жаяу жүрген адамды көріп: – Анау ұрыны қараңдар, ұры, ұры, аттан! – деп айқайлайды. Ақ сойылын сермелеп, жаяу адамды ұрып тастауға ұмтылады. Сонда Тілеулі саңқ етіп: – Ей, тоқта, Сазан! Қолында құрығы түгіл, қамшысы да жоқ, жылқы алар жаяу ұрыны қайдан көрдің? Жылқымызды қорып жүрген Қызыр бабаның өзі шығар, қайт кейін! – деп Сазанды қуып жетіп, қолынан сойылын қағып жібереді. Назар бабамыз да келіп жетіп, үшеуі жаяу адамның алдына жетіп тоқтайды. Сазан сонда да ентігін баса алмай:

– Ей, сен кімсің? Біздің жылқымыздың ішінде не іздеп жүрсің? – деп дікектейді. Сонда Қызыр баба:

– Уа, Сазан, мына сұрапыл боранда ұры түгіл, мал иесі өзің де бас сауғалап қосыңнан шыға алмай жаттың емес пе. Ұрының тастай алмай жүрген жаны бар дейсің бе? Мұншама ақымақ болармысың. Енді батамды тыңдаңдар, – деп қолын жаяды.

– Төбеме құрық ойнаттың, Сазан. Қызыр Қызыр болып Алла жаратқалы адам баласынан көрген бірінші қорлығым бұл, бірінші естіген балағат сөзім бұл. Ұры дедің-ау мені. Аузың асқа, астың атқа жарымасын! Екі

үйіңнің басы бір жерге қосылмасын, әумин! – деп бетін сипапты.

– Ей, Назар, сен көріпкелдік қонған әулие едің. Жылқыңды қорып жүрген мені көріп отырдың. Бәрін біле тұрып, Сазанды тоқтатпай сойыл серметтің маған. Сенің де айыбың аз емес. Алла сыйлаған әулиелікті Алланың періштесін қорғауға жұмсауға жарамадың. Жәбір сөз естірттің маған. Жеті ата, жеті ұрпаққа дейін тұқымың көбеймесін. Жеті ата, жеті ұрпағыңа дейін әулиелік өз басында ғана болсын! – депті. Сонда Назар атамыз қандай қателік жібергенін, орны толмас өкініш болғанын бір- ақ біліп, бармағын тістеп тұрып қалыпты.

Одан кейін Қызыр баба Тілеуліге дауыстап:

– Уа, Тілеулі, Құдай тілеуіңді берсін, жай қолыңды, – деп бұйырыпты.

Тілеулі лып етіп қолын жайып, Қызырдың алдында қос тізесін бүгіп, құлақ түреді.

– Тілеулі, сен маған Сазан сілтеген сойылды қағып түсірдің. Әулие болма-саң да әулиелік көрсетіп, тектілік таныттың.

Қанжығаның қанынан бердім,

Тебінгінің терінен бердім. Бет алған тұсыңнан бердім,

Ақ найзаның ұшынан бердім.

Мыңғырған малды бол,

Тұқымың тарап мың-мың жанды бол!

Батырлардың алды бол!

Шебіңнен жау өтпесін,

Басыңа қонған бақ-дәулет

Тепкілесе кетпесін,

– деп Қызыр баба үшеуінің көз алдында ғайып болыпты. Қызырдың қарғысынан қорқып, Сазанның үрейі ұшады. Назар бабамыз қатты налып, Тілеулі қуаныштан жүрегі жарылардай болып, көпке дейін естерін жия алмапты.

Сазан сол жерде-ақ үйірлерден өз жылқыларын бөліп алып, басқа тебінге салып бағамын деп кетіп отырады. Сол қыста бар жылқысы қырылып, ерін арқалап, жүген мен ноқтасын ғана ұстап қалады.

Назар мен Тілеулі жылқыларын қыстан аман алып шығады. Көп ұзамай Тілеулі тұлпар баптап, ту көтеріп, шашақты найза қолға алып, Әбілхайыр хан жасағына қосылып, қазақ жеріне шапқыншылық жасаған Жоңғар қалмақтарына қарсы аттанады. Жоңғарлармен жан беріп, жан алысқан ол сан рет айқастар мен шайқастарға қатынасып, аты ауыздықпен су ішіп, өзі етікпенен қан кешіп жүргенде, Қызыр баба батасы жау оғынан қалқан боп қорғайды, оқ дарытпайды. Қалмақ батырларымен шыққан талай жекпе-жектерде жеңіске жетіп, мерейі үстем болады.

Тілеулі батыр әр жорыққа барар алдында сол кезде көріпкел әулие атағы дүйім елге жайылып үлгерген Назар абыз атамызға келіп, батасын алып, жорықтың сәтін сұрап біліп аттанады екен. Бірде соғысқа аттанар алдында Тілеулі абызға:

– Сен сұрамайсың, мен өзім біліп саған олжа бермей келіппін. Осы жолы

не әкелейін? – деп сұраған екен. Сонда Назар атамыз:

– Қолыңа бірінші түскен олжаң менікі болсын, – деп тілек айтыпты. Сол жолғы жеңісті болған жорықта батырдың қолына қалмақтың бір көрікті қызы түсіпті. Тілеулі батыр қызды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, ешкімнің көз сұғын қадатпай Назар абыз досына аман әкеліп табыстайды.

Сонымен бес қаруын асынып Тілеулі батыр бастаған жауынгер жасақтар жауға аттанады да, Назар атамыз елде қалады. Назар атамыздың көріпкел әулиелік қасиеті, сабырлы да ұстамды мінезі, ақылгөйлігі оны зор құрметке бөлейді. Жаугершілік жағдайда елді бірлікте ұстау, тентектерді тыю, соғыста азаматынан айырылған жетімдер мен жесірлерге қамқор болу жұрттың жоғалған, ұрланған мал-мүліктерін әулиелікпен тауып беру, әділетсіздік, қиянат, зорлық-зомбылықтарға жол бермеу, дау-шарларға әділ төрелік жасау сияқты сан салалы істерді даналықпен атқарады.

Бірте-бірте Назар әулиенің атына абыз атағы қосылады. Осы атақ атамызға қалай берілді екен? Тілімізде абыз сөзі бар болғанымен кімдерге, не үшін абыз атағы берілетіні белгісіз. Тарихта атына абыз атағы қосылып айтылатын тарихи тұлғалар жоқтың қасы деуге болады. М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасында Абыз халық даналығын бейнелейтін әдеби кейіпкер ретінде алынған. Қазақ энциклопедиясына қарасақ, ертеде шаман дініндегілер өз молдаларын абыз деп атағанын жазады. Ал қазақ ұғымында абыз – білгір, көреген адам дегенді білдіреді дейді. Бірақ тарихымызда білгір де көреген кісілер аз ба. Сан сұрақтарға жауап іздеп, саралай келгенде, бабамыз Назар әулиенің әулиелігіне қоса он сан асыл қасиеттер иесі болғанын, ерекше білгір, мейлінше әділетті, данагөй кісі болғанын аңғарамыз. Ел басына күн туған заманда өзінің барлық ақыл-ойын, бойындағы сан салалы Құдай берген қасиеттерін жұрты үшін жұмсаған, қысылғанда келелі кеңес берер кемеңгері, қамқоры, сүйеніші болғаны сөзсіз. Абыз аты сол үшін берілгені анық. Абыз аты ел ұғымында ұзақ жасаған дана қарттарға ғана беріледі. Соған қарағанда дана бабамыз сексеннің сеңгірінен де аман өтіп, тоқсанның үстіне шыққан деп шамалаймыз. 17-ғасырдың аяғында туып, 18-ғасырдың соңына қарай өмірден өткен. Туғанынан бері 300 жыл өтті деппайымдаймыз.

Назар абыз атаның ғана баласы емес, адамның баласы болып, жалпы жұрттың жайын ойлап, халқы үшін қам жеген елдің иесі мен киесі болған. Туысқа, жақынға бұру дегенді білмеген. Өз туысы мен басқа атаның арасында дау туып, алдына келсе, ісі әділді жақтап, төрелік айтқан. Ісі теріс болса, жақынын да жатқа жығып берген. Өкпе айтқан ағайынға: «Менің табынар Тәңірім – туралық», – деп беттерін қатты қайтарып тастайды екен. Адалдық, туралық – оның ұрпақтарына да дарыған қасиет. Әкеміз де, басқа ақсақалдарымыз да: «Абыз ұрпағына алдау мен арамдық жақпайды, бойымызға тек адал еңбекпен тапқан ас қана жұғады», – деп

отырар еді. Мұның өзі де арамдыққа тыйым, адалдыққа тәрбие емес пе. Тегін білудің тектілік, жеті атасын білмеудің жетесіздік болатыны содан. Назар абыз атамыздың бейіті Қостанай облысы, Жангелдин ауданындағы қазіргі «Қызбел» ауылы орталығынан сәл әрі 3-4 шақырым жерде. Қоңыраулы өзенінің жаға-бойында. Сүйегінің онда қалуының себебі туралы әртүрлі әңгіме бар.

Торғай өңірі XVI-XVII ғасырларда ноғайлар мен қалмақтардан босаған соң, қазақ рулары көшіп келіп қоныстана бастайды. Тілеулі батырдың ұрпақтары бастап келіп, қоныс бөліскенде Әжік пен Қабай балаларына Жыланшық өзенінің орта бойындағы жер тиеді. Қазір бұл жер «Әжікабай түрмесі» деп аталады. Аты жұмбақтау. Шамасы, көктемде қары түріліп ерте кететіндіктен, жері ықтасын, шұрайлы, қыста жылқы жұтамайтындықтан солай аталған болуы керек. Жаңа қоныс – Жыланшық жері аталарымызға жайлы да құтты мекен болады. Абыз атамыз ұзақ жасағандықтан осы жаңа қонысты өз көзімен көріп, көшті өзі көшірісіп келген, сонда ғұмыр кешкен.

Ал енді абыз атамыздың сүйегі Жыланшық өзенінің ортасындағы қонысынан алыста, сонау Қоңыраулы өзенінің бойында қалу себебі – ол кезде Қызбел тауы мен Қоңыраулы өзенінің бойына әлі қыстаулар салына қоймаған, тек жаз жайлау болған. Қазақ халқының жоңғар қалмақтарымен жүз жылға созылған соғысынан кейін жаңа ес жиып, жаңа көбейіп келе жатқан кезі. Бос жатқан жерлер әлі баршылық болған. Абыз атамыз сол жақтағы жаз жайлауда, қоңыр күзде Жыланшықтағы қыс қыстауына қайта көшіп келе жатқан жолда кенеттен қатты ауырып қалады. Көш тоқтап, түйелерден жүктер түсіріліп, қос тігіліп, керегеден жаппалар жасалып, бірер күн ерулеп жатады. Аурудың беті бері қарамайды. Сонда өзіне ажал жеткенін сезіп білген Назар абыз атамыз: – Маған топырақты осы жерден Қызбел тауының етегі мен Қоңыраулы өзенінің жағасынан бұйыртып тұр. Мына менің дәл жамбасым тиіп жатқан жерге қойындар. Қазір елсіз болғанмен, түбі қалың елге қоныс болғалы тұр. Бір жағы ағысы қоңыраулатып жатқан арналы өзен, бір жағы қыста малға пана қалың қопа, басқа жағы жалпақ шүйгінді шабындық, шұрайлы құйқалы жер екен. Еліне құт қонып, береке орнайды. Жапанда жалғыз төбешік боп қалды деп қамықпаңдар, – деп көз жұмыпты жарықтық әулие. Айтқаны айтқандай келіп, Қызбел тауы етегі мен Қоңыраулы өзені бойы кейін қалың елді мекендерге, құтты қоныстарға айналған. Көшіп келе жатқан елі абыз атаны сол өзі өсиет еткен, ауырып жамбасы тиіп жатқан жерге арулап қойып, жетісін беріп, елге бет түзейді. Басына там салғанша белгі болсын деп атан түйенің ортан жілігін қадап кетеді. Жайлаудан ел көшкенде бұл маң мүлдем құлазып қалады екен. Назар абыздың жалғыз ұлы Төртқара, оның сол кезде ержетіп азамат болып атқа мінген төрт ұлы Кешубай, Медет, Жылгелді, Бигелді және басқа ағайын, туған-туысқандары жапан далада жат жерде жалғыз төмпешік боп қалып бара жатқан атақты әулие абыз аталарын қимай, көздерінен ыстық жас парлап, арттарына қарай-қарай

аттанады. Көш қозғалып, қыр асқанша әйелдердің жоқтаулары басылмайды.

Сөйтіп, Назар абыз әулиенің сүйегі Қызбел жерінде қалады. Өткен ғасырдың аяғына қарай ғана Назар абыздың басына шикі кірпіштен төрт құлақты там салынады. «Қызбелде» болып, ауыл қарттарынан сұрастырғанымызда, 71 жастағы Ахат қария Назар әулие жөнінде былай деп сыр шертті: – Бұл ел Назар әулие деп қана біледі. Атақты абыз болғанын, руын, тегін білмейді. Әйтеуір, сапарда жол жүріп келе жатып қайтыс болған екен деп аңыз етеді. Ал әулиелігіне ешкім шек келтірмейді. Адамдар басына түнейді. Аурулар, Алла мен аруақтан бала сұрағандар және басқа медет тілегендер келеді. Тамнан бір шақырымдай жерде ертеректе Смағұл Айранбайұлының салдырған үйі болыпты. Бірақ ол жер Назар атанып кетіпті. Сол қыстауда Қуаныш Қайыров есімді жігіт «Назар» атты шағын шаруа қожалығын құрыпты. Назар абыз бабамыздың аты бұл елде мұнша сақталып құрметтелуі көңілімізді қатты тебіrentті. Назар абыз әулие бабамыздың үшінші және төртінші ұрпағынан үш қажы шыққан. Олар – немересі Бигелдінің баласы Бектұр қажы, шөбересі Дүзелден туған Махамбет қажы мен Барлыбай қажылар. Бектұр қажы – менің атам Сомжүректің әкесі. Бектұр Меккеге қажылық сапарға аттанған жылы әжеміз Ажарсұлу менің әкеме жүкті екен. Аттанып бара жатып: «Ұл туса, атын Әбдірахман қойыңдар, қыз туса, өздерің қойыңдар», – деп тапсырыпты. Бұл – 1894 жыл. Махамбет қажы мен Барлыбай қажы да шамасы сол жылдары қажылыққа барып келген. Олардың қажылық сапарға Назар абыз әулие атасының басына барып түнеп, сиынып, тәу етіп, дұға бағыштамай аттануы мүмкін емес. Ол үшеуі әулие басына тамды не қажыға барар алдында, немесе аман-есен барып келген соң салдырған деуге болады. Бүгінде Назар абыз әулие бабамыздың сегізінші, тоғызыншы ұрпағы өсіп таралуда. Қызыр баба Назарға наразы болып, оның ұрпағының көбеймеуіне жетінші атаға дейін ғана шектеу қойған дедік. Енді Назар абыз ұрпағы көбейіп, көгеріп-көктеп, жақсы тамыр жаяды деген үміт-сенімдеміз.

Абыз атамыздың аруағына ұзын қыпшақтың он сан рулары сиынған. Жорықтарда Амангелді батыр мен Кейкі батыр да сиынып жүрген. Әкем Әбдірахман Назар абыз атасының аруағы талай жерде қолдап, ажалдан аман қалғанын жиі айтатын. Ол – 1916 жылғы Әбдіғапар мен Амангелді бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне басынан аяғына дейін қатынасқан адам. «Бірде, – дейді әкем, – барлауға баруға әр рудан бірнеше сарбаз шығаруға бұйрық берді. Бізден мені жіберді. Зеңбірек, пулеметтермен мұздай қаруланған патша әскеріне төтеп бере алмай, қаша ұрыс салып, шегініп келе жатқанбыз. Сол жылы қыс қатты, қар аса қалың жауған еді. Қардың қалыңдығынан ат көсіліп шаба алмайды. Торғай бойындағы қыстаулар бос қалған. Ел Қараторғай, Сарыторғайға қарай, қопаларға күні бұрын көшіп кеткен. Сол иесіз қыстауларға келіп, үй төбесіне шығып, пештің мұржасының тасасынан патша әскерінің қай шамада келе жатқанын қарап

бақылаймыз. Барлауымыз – сол. Сөйтсек, қарсы әскерлер де барлаушылар жіберген екен, оларды біз байқамай қалыппыз. Бір тасадан шыға келіп, винтовкаларынан ата бастады. Жалма-жан аттарымызға міне қаштық. Олар соңымызға түсіп қуып келеді. Менің астымдағы семіз айғыр еді. Омбы қарға малтығып, барлығып шаба алмай, соңында қалып қойдым. Оқ бірде оңымнан, бірде солымнан қарға дыз етіп қадалып келеді. Аузымда – Алла мен Назар абыз атамның аты. Амангелді мен Кейкі батыр мергендерімен тасада жатқан сайға да таяп келем. Олар менің соңымда өкшелеп келе жатқан қуғыншыларды атайын десе, оқ маған тиюі мүмкін. Амангелдінің амалы құрып тұр екен. «Аттан секір» деген даусы саңқ етті. Болдырған аттан секіріп түсіп, сайға домалап кеттім. Сол кезде Амангелді мен Кейкі қатарласа атып, жау барлаушыларын жайратып салды. Мойнымда қалың түбіт шалма болатын. Кешке қоналқыда соны мойнымнан шешкен кезде еденге 2-3 винтовка оғы домалап түсті. Абыз атамның аруағы мені ажалдан арашалап, жау оғын дарытпай, тигенін денеге өткізбей қаққанын ұқтым. Қасымда тұрғандар «ажалдан әуелі Құдай, сосын абыз атаңның аруағы сақтаған екен» десіп жатты. Міне, осылай әкемнің Назар абыз әулие атасы туралы, оның көзі тірі кезіндегі көрегендіктері мен аруағының кімге қалай шапағаты тигені жөніндегі әңгімелері жалғаса беретін. «Қызбел» ақсақалдары әулие атамыз жөнінде маған тағы мынадай әңгіме айтты. «Қызбелдің» №4 бөлімшесінің орталығы Шобаннан 18 шақырым жерде, Теке өзені бойында Оспан қожа әулиенің тамы бар. Ол кісі көзі тірісінде Назар әулиені құрмет тұтып, басына тәу етіп, дұға бағыштап тұрған. «Қызбел» киелі жер демеске болмайды. Бір емес, атақты екі әулиенің сүйегі жатқан жердің елінде бірлік пен береке бола берері сөзсіз. Кімге де болса, құт мекен екені айдан анық. Міне, Назар абыз әулие туралы бүгінгі көнекөз, қария-ақсақалдардың әңгімелері осындай сыр шертеді.

***Жұма-Назар Сомжүрек,  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын***

### **Мерзімді басылымдардағы жариялымдары**

1. Сомжүрек, Жұма- Назар. Алаш жырының ақ шағаласы [Мәтін]: [Қазақ поэзиясының дүлдүлі Ақұштап Бақтыгереева туралы естелік] / Жұма- Назар Сомжүрек // Егемен Қазақстан. – 2014. – 1 қаңтар. – Б. 7.
2. Сомжүрек, Жұма- Назар. Алланың 99 көркем есіміне- 99 көркем жыр [Мәтін] : [күдертті Алланың көркем есімдерінің қасиеттілігі туралы] / Жұма- Назар Сомжүрек // Қазақ. – 2011. – 21– 28 қазан. –Б. 10.

3. Сомжүрек, Жұма- Назар. Баймолдин биігі [Мәтін] : [ақын Сәбит Баймолдиннің шығармалары туралы] / Жұма- Назар Сомжүрек // Егемен Қазақстан. – 2012. – 18 шілде. – Б. 7.
4. Сомжүрек, Жұма- Назар. Ойланайық қазақтың баласы боп.... [Мәтін] : [өлеңдер] / Жұма- Назар Сомжүрек // Ана тілі. – 2011. – 19–25 мамыр. – Б. 9.
5. Сомжүрек, Жұма- Назар. Күйші Анар [Мәтін] : [әкелі- балалы Аманкелділік атақты сазгер күйшілер Мұздаханов Айтбай қызы Анардың өмірі туралы] / Жұма- Назар Сомжүрек // Жалын. – 2010. – № 6.– Б. 63–72
6. Сомжүрек, Жұма- Назар. Мезгіл әуендері [Мәтін] : [өлең] / Жұма- Назар Сомжүрек // Егемен Қазақстан. – 2013. – 6 наурыз. – Б. 8.
7. Сомжүрек, Жұма- Назар. Менің басты кейіпкерім [Мәтін] : [өлең : суреті бар] / Жұма- Назар Сомжүрек // Қазақ. – 2013. – 1–8 наурыз. – Б. 6.
8. Сомжүрек, Жұма- Назар. Өлеңі өрге өрлеген [Мәтін] : [ақын Бақытжан Тобаяқовтың кейінгі шыққан өлең жинақтарына шолу] / Жұма- Назар Сомжүрек // Қазақ. – 2012. – 3–10 тамыз. – Б. 10.
9. Сомжүрек, Жұма- Назар. Сәкеннің де, Бейімбеттің де атылмағаны анық [Мәтін] : [жазықсыз жазаланғандар туралы естелік] / Жұма- Назар Сомжүрек // Жас Алаш. – 2012. – 6 желтоқсан. – Б. 3.
10. Сомжүрек, Жұма- Назар. Ақындар туралы ақиқат [Мәтін] : Ақындық өнерді ұлтымыздың рухын көтеруге жұмсау / Жұма- Назар Сомжүрек // Қазақ әдебиеті. – 2010. – 14 мамыр. – Б. 1–6.
11. Сомжүрек, Жұма- Назар. Ақкөлден ұшқан аққулар [Мәтін] : [жерлестеріміз Торғай таланттары туралы] / Жұма- Назар Сомжүрек // Қазақ. – 2011. – 20– 27 мамыр. – Б. 10.
12. Сомжүрек, Жұма- Назар. Алаш жырының ақ шағаласы [Мәтін] : [Қазақ поэзиясының дүлдүлі Ақұштап Бақтыгереева туралы естелік] / Жұма- Назар Сомжүрек // Егемен Қазақстан. – 2014. – 1 қаңтар. – Б. 7.
13. Сомжүрек, Жұма- Назар. Арқаның арқалы ақыны [Мәтін] : [белгілі ақын Әбжан Әбілтаев туралы үзік бір сыр] / Жұма- Назар Сомжүрек // Қазақ әдебиеті. – 2011. – 27 мамыр. – Б. 11.
14. Сомжүрек, Жұма- Назар. Әйел кім? [Мәтін] : 8 - наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай / Жұма- Назар Сомжүрек // Қазақ. – 2016. – 4–11 наурыз. – Б. 9.
15. Сомжүрек, Жұма- Назар. Бүгінгінің Сәбиті [Мәтін] : / Жұма- Назар Сомжүрек // Жас Қазақ үні. – 2015. – 27 қаңтар. – Б. 8– 9.
16. Сомжүрек Жұма- Назар, Дос інім, Жұмабегім [Мәтін] : [өлең] / Жұма- Назар Сомжүрек // Ана тілі. – 2017. – 30 тамыз – 6 қыркүйек. – Б. 6.

- 17.Сомжүрек, Жұма- Назар. Есіл ер еске түскенде [Мәтін] : [жазушы Жұмабек Кенжалин туралы] / Жұма- Назар Сомжүрек //Аманкелді арайы. – 2018. – 10 тамыз. – Б. 5.
- 18.Сомжүрек, Жұма- Назар. Жер мен ауылды қауымдық шаруашылық құтқарады [Мәтін] : Жер реформасы жөніндегі комиссияға ортақ талап – ұсыныс! / Жұма- Назар Сомжүрек // Қазақ. – 2016. – 3 –10 маусым. – Б. 8.
- 19.Сомжүрек, Жұма- Назар. Кейкі батыр қай жерге жерленгені жөн? [Мәтін] / Жұма- Назар Сомжүрек // Ана тілі. – 2017. – 23 ақпан–1 наурыз. – Б. 6.
- 20.Сомжүрек, Жұма- Назар. Кейкі батыр қайда жерленген? [Мәтін] : Дулығалы дала перзенттері / Жұма- Назар Сомжүрек // Ана тілі. – 2017. – 22-28 маусым. – Б. 6.
- 21.Сомжүрек, Жұма- Назар. Менің басты кейіпкерім [Мәтін] : [өлең] / Жұма- Назар Сомжүрек // Қазақ. – 2013. – 1-8 наурыз. – Б. 6.
- 22.Сомжүрек, Жұма- Назар. Оралды отанына Кейкі мерген[Мәтін] : [өлең] / Жұма- Назар Сомжүрек //Аманкелді арайы. – 2017. – 15 қыркүйек. – Б. 1.
- 23.Сомжүрек, Жұма- Назар. Өлеңі өрге өрлеген : [ақын Бақытжан Тобаяқовтың кейінгі шыққан өлең жинақтарына шолу] / Жұма- Назар Сомжүрек // Қазақ. – 2012. – 3–10 тамыз. – Б. 10.
- 24.Сомжүрек, Жұма- Назар. Сарбаз әкем шерткен сыр[Мәтін] : [Жұма - Назар Сомжүректің атасы Назар абыз туралы дерек] / Жұма- Назар Сомжүрек //Аманкелді арайы. - 2016. - 2 тамыз. - Б. 7
- 25.Сомжүрек, Жұма- Назар. Сәкеннің де, Бейімбеттің де атылмағаны анық[Мәтін] : [жазықсыз жазаланғандар туралы естелік] / Жұма- Назар Сомжүрек // Жас Алаш. – 2012. – 6 желтоқсан. – Б. 3.
- 26.Сомжүрек, Жұма- Назар. Таңғажайып табиғат [Мәтін] : [өлең] / Жұма- Назар Сомжүрек //Ана тілі. – 2013. – 5–11 қыркүйек. – Б. 10.
- 27.Сомжүрек, Жұма- Назар. Торғайдан мұнай табыла ма? [Мәтін] : [мақала] / Жұма- Назар Сомжүрек // Егемен Қазақстан. – 2013. – 8 тамыз. – Б. 7.
- 28.Сомжүрек, Жұма- Назар. Торғайым, туған өзен, өлкем менің! [Мәтін] : [өлеңдер топтамасы] / Жұма- Назар Сомжүрек //Аманкелді арайы. – 2013. – 30 тамыз. – Б. 3.

## ЖЕЛТОҚСАНДЫҚТАР - ЖАС ҚАЗАҚ ОЯТТЫ БҮКІЛОДАҚТЫ!

Алдымызда - 16 желтоқсан! Әрі қаралы - жүрек жаралы күн, әрі қуанышты. Тәуелсіздік күні! Не жыларыңды, не күлеріңді білмей дал боласың. Қуанып шаттанайын десек, желтоқсан құрбандарының рухына опасыздық жасағандайсың. Қуанбайық десек, халқымыз ғасырлар бойы аңсап арман еткен азаттығымызға қол соқпағандаймыз. Екі

ұдай күй кешеміз. Бір күн әрі емес, бір күн бері емес, Жоғарғы Кеңестің дәл сол күні тәуелсіздік жариялағанын қарашы қас қылғандай. Оу, мұнымыз қалай? - деп, бір депутат тіл қатса, әлде қайтер еді. Қайтөміз енді, «бір қуаныш, бір қайғы, орнында өмір тұрмайды» деп, көзіміздің жасын бір сығып алып, көшедегі дүрмекке қосылып кете береміз де.



Бір бұйырған тимесін бүлік болып,  
Қанал бізді сормасын сүлік болып.  
Шын ынтымақ орайды сонда ғана,  
Қазақпен сыйласса дос-білік болып!

Жырымның айтар болсам  
қайырымсыз,  
Біріктен еліміз Алла  
айырмайсың!!

Алтыншы жетістігім -  
оралғаным,  
Шұқрасым табысың қол алғаным,  
Бауырымдай қарсы алып  
ұшақтардан,  
Бәйек боп шыбырына оралғаным.

Еліне бауыр басып өсіп-өніп,  
Үздіксіз жатыр қазақ көші келіп.  
Көшпен бірге қаймағы бұзылмаған,  
Таза тіл мен  
ата салт, бесік еріп.

Қазақтың беруде Алла шын

### ЖАРҚЕТТІ ЖАСТАР ЖҮЛДЫЗДЫ!

Желтоқсан құрбандарына  
есектікім!

Айналған рухы мұнарға,  
Бас ұрып, Сәкен, Тұрарға,  
Дейтін екі ұқсап соларға,  
Еңлі ерік бізден шығар ма?

Бодан боп өмір сүргенге,  
Қоранып іштей жүргенде,  
Алаңа шықтың, Жастарым!  
Дүрлікті қала білгенде.

Әлімдік жок деп жалғанда,  
Ай ұрып жүрлік арманда.  
Жарқ етті - жастар жұлдыздай!  
Қамалып мұңға қалғанда.

Тәуекел! - түріп білекті,  
Қалар, деп, тыңдап тілекті,  
Алаңда бара жаттыңдар,  
Ту етіп жанған жүректі!

«Ишаддық қанша зорлыққа,  
Қырылып қайта толдық та -  
дәділер, - еңлі мазак пен  
Төбейміз мұндай қорлыққа!»

Талайдың сөңді шырағы,  
Жарылып басы қауыңдай,  
Әне бір қырып қалды.

Жендетке бір қыз ұмтылды,  
Жармасқан жаға жұртылды.  
Қарақоз қазақ қызы аяп,  
Жасауран көзі күн тұрды.

Жанары тілер түнекті,  
Қыз еді қандай жүректі.  
Жазгер солдат семсердей,  
Сілтеді сапер жүректі.

Бітейтін бұлақ, қауығды,  
Кім ұды мұндай жауығды?  
Көңінен соғау қоз салып,  
Күйіреніп тұрды тау ізгі.  
Дірдеген ерні, анары,  
Арудың сөңді жанары.  
«Хоп, елім - Қазақстаным» -  
деп,  
Сонғы рет күнге қаралды.

Бас сүйек сынған ашылып,  
Асбалықта мың шашылып,  
Көргенде мұндай сұмдықты,  
Жігіттер кетті ашынып!

Жастардың қаны қайнады,

Жастарым, қайран, Жастарым,  
Ойлаған қамын басқаның.  
Өздерін құрбан болсаң да,  
Көтеріп елді тастадың.

Желтоқсан күні бұрқақтап,  
Мұнартып тұрды сыр сақтап.  
Отырдым тыңдап хабарды,  
Көзімнің жасы бұшақтап.

Маңдайға жазып мазақты,  
Көрсетті қанша азапты.  
Егдім: «Құдай қорына  
Алдың, деп, неге қазақты?»

Не керек, ойнан-күлетінім,  
Не керек, ғылым білетінім,  
Қан жұтып құлап жатсаң да,  
Ортаңда неге жүрмедің?

Бірінің түзеу шаңында,  
Бірінің сүйен басында,  
Жүрмедің неге жүкшің боп,  
Жеткізін қару - тасыңды.

Жас қазақ, батыр, жайсаңым,  
Қайтыптан құрып қайсарым.  
Осы жыр - таққан орденім,  
Осы жыр - алғыс айтарым.

Сұмдық қой - сойқал көргенім.  
Бастаған ісің-жүресің, -  
Төгілген сөзі терменім.  
Ел үшін азап шеккендер,  
Шаһид боп мәңгі кеткендер.  
Бере алмай қалдық көл ұшың,  
Айыптап, қатты сөздерім.

Едікке кетпей ет өліп,  
Аманаттардың өтеліп,  
Сендерді бүгін ақтап аяп,  
Төбеге жүрміз көтеріп.

Жазаны бұзып доғарған,  
Орына жастар оралған.  
Ел үшін, қазақ жері үшін,  
Төгілсе қанша жоқ арман.

Қазағың жазда жайлаулы,  
Желілеп бие байлаулы.  
Шаһид боп кеткен, қыршындар,  
Пейіштен орын сайлаулы.

Ерлікті жастар оратты,  
Едікті жойып, жоғалтты.  
Желтоқсандықтар - Жас қазақ!  
ОЯТТЫ БҮКІЛОДАҚТЫ!!!

ЖЕТІ ЖЕҢІСКЕ -  
ЖЕТІ СОНЕТ

1  
Қазақстан -  
бастаған мақтанымсың,  
Жүрегімізнен жыр тасып ақтарыласың.

Бірінші жетістігім -  
Тәуелсіздік!  
Азаттықтың ақ таны атқаны шың.

Ауыр салмақ түсіп ел ығына,  
Тағдырың тірелді сан тұйығына.  
Ал бүгін  
Алла оңғарып тең мүйіміз,  
Бірімен Ұлттардың біз ұйымына.

Халқымыз қонағына шырай берген,  
Қалауын кетер алып сұрай келген.  
Қазақтың далалы кең пейіліне  
Азаттық - бақыт нағыз  
Құдай берген.

Танылып ұлттымыз бен ұлысымыз,  
Азаттықтан ашылап тынысымыз!!!

Екінші жетістігім -

Ана тілім,  
Қазіргі мемлекеттік дара тілім.  
Көбөкез қатары қазақтардың,  
Қазақ тілімен шығарар бала тілім.

Ашып анық айтайын айтарыма,  
Айаудан ана тілім қайтарылды.  
Құдыман  
Шәкіріммен бірге шығып,  
Туған тіл өз тағына қайта мінді.

Болғанбыз құса тілдің күйіген,  
Қалай шығар деп енді ірімінен.  
А, Құдай,  
Еңін қолдап ана тілім,  
Бініктей берсін шыққан бінігіміз!

Ана тіл - ұлы байлық ұлымызда,  
Мызғымай  
тұрай мәңгі тұғырыңда!!!

Үшінші жетістігім -

Астанамыз!  
Жас болса да елорда - бас қаламыз.  
Тарихы еріктерге толы ғажая,  
Түсуде оюланып тасқа нағыз.

Сағат сайын сәнденіп сәулеттенген,  
Сәніне сай тұрмыс дәулеттенген.  
Ғимараттар,  
күмбездер құбылды,  
Сәулетің сан түсті әйнектермен.

Ерке Есілдің айдамы көрік беріп,  
Астана көз тартады көріктерің.  
Көңілің көтеріліп көкке әрелейді,  
Ақорда,  
Бойтеректі көріп келіп.

Сәулетшілер мәнберін өнерлеген,  
Ақымдар өрнектерін өлеңдермен.

Төртінші:  
көп партия - жетістігім,  
Итеруде саясат кеңістігің.  
Ойларың, жобаларың ортаға сап,  
Түзетісер шаруа кемістігің.

Тәуелсіз: «Жас алаш», «Дат» -  
Олар да жазар қоғам қажеттерің.  
Бағыт сынап жатады әңкерең,  
Қырсықтардың жөнісі іс-әлеттерің.

Бұрында аузымызға құлып тұрам,  
Шындық, шіркін, қынсылап ұлып  
тұрды.  
Демократия есейіп жігіт болып,  
Жол ашып, жатыр бүгін тіліп  
тыңды.

Партия, қозғалыс та құрысыңыз.  
Ұлттымызды ұлылау - Ұлы ісіміз!!!

Бесінші: - ел бірлігі,  
Ынтымақым,  
Ынтымақпен жайқалар жыр-  
шыларым.  
Халқымыздың нар төзімі - ыр-  
нағыз,  
Қазақтың бағы асып деп  
құлашымамын.

Орынсыз ренжіспей бұртқып қағып,  
Бельгердей тани білсін ұлтымыз  
анық.  
Ұйғыр, кәріс, шешендер қастық  
қызды,  
Сапып кетіп жүрмесін бұлтқып  
қағып.



«Қай мазак, мынау, қай мазак?  
Дей ме екен бәрі жай қазақ,  
Басқарар елді бар талай  
ісіне сөзі сай қазақ.»

Кернеген ыза бұрқаған,  
Боран боп соқты қырақанд.  
Өңдерін жатты естіліп,  
«Қазақстаным!» - деп,  
шырқаған.

Алаңа жастар жынып,  
Өзге сөз қалды тынып.  
«Сақта, деп, Алла жастарды»,  
Жауып уйда қарттар сыйынып.

Кірмелер жүрек күйініп,  
Тұрып ұт сергіп сүйініп,  
Алаңа толды бар ашу,  
Жұдырық болып түйіліп!

Құйып боп ыза үйіріп,  
Тоғысты бәрі жоңылып.  
Жастықтан басын көтеріп,  
Басқа ұлттар жатқан бұйығып.

Жастарым, қайран, жастарым!  
Тарылды-ау сонда аспаным,  
Үкімін Мәскеу шығарды,  
Уақытта сол бір қас қағым.

Ойласам, өнім қашады,  
Көңілді қайғы басады.  
Жынданып жетті алаңа,  
Жазадаушылар жасады.

Жатқандай жаулап басқа елді,  
Қазақты Кремль қас көрді.  
Бейкүнә бейбіт шеруге,  
Төкті әкеп десант-әскерді.

Көудеге бейне жан салған,  
Көк темір кілең құрсаңым.  
Жалаң қол жастар өңді бұд,  
Құтылар қалай құрсаудан?

Үстаған қару, қалқанын,  
Шығарар алаң талқанын.  
Бұрымға бірі жармасты,  
Аруым қайтсін Арқанын.

Белгісіз аты тұрағы,

**АҚ ТІЛЕК**

Жыл құсы келіп қапты аққу-қаз да,  
Пірі жаңға болды ғой міне жаз да.  
Кеудеде жаны барлар аман болсын,  
Көрс алмай кеткен мұны адам аз ба?

Бұл айың мұсыдманның наурыз тойы,  
Әр жанның болады ғой өртүрлі ойы.  
Тілегі тілетенің қабыл болып,  
Жол жүрген жолаушының болсын жолы.

Қазана қазағымның асқа тоқсын,  
Жас өсіп өркендесін басқа тоқсын.  
Халайық сіздерге айтар бар тілегім,  
Әр ұйас қазағымның бала болсын.

Жастарым бұл өмірде аман болсын,  
Өркендеп өсе берсін адам болсын.

Ұрпағы қазағымның азаймасын,  
Бағы жанып, өр үйге қыдыр қонсын.  
Нұранып гүл жайнасын қазақ жері,  
Отбасы аман болсын қазақ елі.

Өркендеп өсе берсін мал мен басм,  
Әруақтар қолдап жүрсін қазақ сені.

Әр жылда бола берсін осындай той,  
Қазақтың өдет-ғұрпы осындай ғой.  
Салт-сана, ата-мұра ұмытылмай,  
Он-күймен думандатып жасайық той.

Әр жанның орындалсын игі ойы,  
Елі сүйсе ақынның да болад жолы.  
Тілегі мұсылманның қабыл болып,  
Баршаның құтты болсын Наурыз тойы.

Шәкен ТӘУЕКЕЛОВ,  
Ақкісі ауылы.

**СЫР САНДЫҚ**

Әдебиет пен өнер бегі

"Сандықты" ашып қара сырласым...



**Дидар-айым**

**НАУРЫЗ**

Наурыз, Наурыз - тол тойым,  
Жаңа жыл, Жаңа жыл,  
Жанданып түрленуде қала-қырым.  
Қантар емес сен лайық жыл басына,  
Қараша Баба - Түрік даналығын.

Көк өңіп шықпағанымен жусан өзі,  
Қол бетін жатпағанымен мұз күрсап өзі.  
Жыл басы көктем-қызыл тумак болып,  
Жер-ана толғақ қысып бұсаңдады.

Көмексіз қар ериді безінгендей,  
Тірілік қыста қалып көз ілгендей.  
Көктем күні көгінен күй шерткенде,  
Паң дала інідей боз інгендей.

Шыққаны келмей қыстың тұрса да өзі,  
Наурызда есер жаңа жыл, самалы,  
Шыбыттың шалқасқаны ұстап мініп,  
Ақынды сөзден ою түр салады.

Ашылып табиғаттың қас-қабағы,  
Мұзы ериді таудың да асқаралы.  
Жер-ананың сүт саулап емінегінен,  
Өуелейді өмірдің асқар өңі.

\*\*\*

**АҚЫЛГА КЕЛ АҒАЙЫН**

Қор болмас ақылға көп кенескен ер,  
Бірлігімен қатарға теңескен ел.  
Бет-бетімен қой айдап бытырамай,  
Қазарым, сөзге тоқтап кенеске кел.

Қайтсек бүтін үлгіні ел боламыз,  
Жапонға не неміске тең боламыз?  
Алауыздық араға еңсе қайта,  
Қос басты самурыққа жем боламыз.

Болмаса тығар тары қауызына,  
Түсерміз айдаһардың ауызына.  
Кім кепіл жүрмесіне жат жұрттықтың,  
Жем шашып доңызды мен тауытыңа.

Қой еңдесе жүз-жүз боп адаққанды,  
Оңтүстік, солтүстік боп таласқанды.  
Аламай төбеге көтерейік,  
Тек қана талантпен бағы асқанды!

Сол лайық адамшылдық, елдігіне,  
Сонда сыла қағылмас теңдігіне!  
Қолдайық, қол соғайық қарап қана,  
Ел үшін еткен еңбек ерлігіне!

\*\*\*

**БАҚЫТТАН БАСЫМ КЕЙДЕ АЙНАЛАДЫ**

Ақынның сенсің, жаным, жайған өңі,  
Күн күліп ажарына ай қарады.  
Жан сарыым жарқырап нұрға толып,  
Бакыттан басым кейде айналады.

Ақ дидарың жазғы таң арайлап,  
Күндерім шат алғашқы бал айналай.  
Сен қасыңда жатқанда жұпыны уйым,  
Теңір соққан Самарқан сарайандай.

Азат жок махаббаттың азабындай,  
Қай құмарет түсірген назарыңды-ай?  
Сен қасыңда жүргенде асыл жарым,  
Өмір-дүмән Бұхараның базарындай.

Махаббат түсіреді ішке нұрды,  
Сен қанша арманым боп түске қараң.  
Қайда бар өңдей жар,  
Сүйкім-ау, Қыпша бәл, қымбат қас, пісте мұрды.

Сүймейді алтын, гаухар, күмісті кім,  
Кормамын сенен жұпар иісті гүл.  
Сонғы теңеу қалғанда жырып сені,  
Өлеңдегіп өтуге тиіспеймін!!

Өзімнен терезесі тең сергім,  
Тек сенімен бакытта, еңселім.  
Бойға құат, кемел ой, шабыт оялар.  
Сен менің көктемімсің, жень-шенімсің.



Сомжүрек Жұма-Назар. Сарыарқа сазы. – Астана: «Сарыарқа» баспасы. 2 том. – 2014. – 548 б.

«Жазушы деген сөз қалаушысы, сөз кестешісі, сөз зергері, зергері болғанда жәй ғана зергер емес, сөз арқылы адамның жан дүниесін, сана-сезімін тәрбиелейтін зергер. Сондықтан да ол «адам жанының инженері». Қазақтың айтулы қаламгері Сәкен Сейфуллин қолына қалам алған жазушылар қауымына осылайша баға береді. Қазіргі таңда әдебиетті ардың ісі деп біліп, жыр әлемінде өзіндік өрнегімен өз оқырмандарының көңілінен шығып жүрген ақын – Жұма-Назар Сомжүрек.

Ақынның лирикалық өлеңдері мен рухты жырлары жыл басында «Сарыарқа сазы» атымен екі том болып жарық көрді. Алғашқы томға жырлары енсе, екінші томда поэмалары мен жазбаша айтыстары, теориялық еңбектері жинақталған. Сонымен бірге көпшілікке Ж.Сомжүрек сыншы, әдебиетші ретінде таныс.

### **«Сарыарқа сазы» – жерлесіміздің жинағы**

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі ақын әрі сыншы Жұма-Назар Сомжүректің «Сарыарқа сазы» атты өлеңдері мен поэмаларының және басқа шығармаларының көлемді қос томдығының тұсау кесері Астана қаласындағы «Тілеп-қобыз» сарайында өткізіліп, ол поэзия-жыр тойына ұласты. Жыр мерекесінің бірінші бөлімінде ақынның өлеңдеріне жазылған әндер шырқалып, жырлары көркемдеп оқылып, ара-арасында күйлер күмбірлеп жиналған көрермен қауымның құлақ құрышын қандырды. Жыр мерекесіне осы «Тілеп-қобыз» сарайында құрылған, атағы алысқа жайыла бастаған «Көк түріктер» халық аспаптары оркестрі қызмет көрсетті. Осы концерт үстінде ақын жырларына шығарылған Торғайлық талантты сазгерлер Қалибек Деріпсалдин, Айтбай Мұздақанов, Балхаш Нақанов және Қайыржан Мақановтың бірнеше тамаша әндерінің тұсауы кесілді. Ол әндерді Астана опера-балет театрының жетекші солисті, бірнеше халықаралық конкурстардың жеңімпаз лауреаты Сүндет Байғожин, Астана филармониясының әншісі Сымбат Тасбергенова және Нұрболат Арзамасұлы сынды жас таланттар орындап, жаңа әндердің бағын жандырып жолын ашты. Жыр мерекесінің екінші бөлімінде әдебиет сыншылары мен ақындар және өлең түсініп сүйсініп оқитын елге белгілі тұлғалар сөз алып, Сомжүрек өлеңдерінің мәнділігі мен маңыздылығын, көркемдігін, сезімді қозғап жүрекке жетіп жататын ойнақылық ерекшеліктерін айтып, жоғары бағалады. Атап айтқанда, сыншы, сөз өнерінің білгірі, Л.Гумилов атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры Серік Негимов, ҚР парламент мәжілісінің депутаттары: жазушы Алдан Смайлов, Абай Тасболатов, Рамазан Сарпеков және ғалым һәм мемлекет қайраткері Әділ Ахметов, экс депутат Әбілмәжін Бәкір, ақындар Айнұр Әбдірәсілқызы мен Әбжан Әбілтаевтар өз сөздерінде Сомжүректің «Сарыарқа сазы» қос томдығындағы өлеңдердің қазіргі қазақ поэзиясы сапынан ойып тұрып өз орынын алатынын қадап айтты. Осынау жыр кешінде ерекше есте қалатын көрініс болды. Парламент

депутаты, генерал-лейтенант Абай Тасболатов: «Жүке, мен сіздің «Сарыарқа сазы» қос томдығыңыз қолыма тигелі оны бас ала алмай сүйсіне оқып, ақындығыңызға әбден риза болдым. Өлеңдеріңіз шетінен тамаша! Әсіресе, қыздар мен аруларға арнаған жырларыңыз бен поэмаларыңызды қайта-қайта оқи бергің келеді. Табиғат құбылыстары мен тамашаларын суреттеген өлеңдеріңіз де өлең түсінетін оқырмандарыңызды еріксіз сүйсінтері сөзсіз!...» дей келіп: « Мен әскери генерал болсам, сіз поэзия маршалы екенсіз, алдыңызда тік тұрып честь беремін!» деп, тіп-тіке тұрып, қолын шекесіне қойып, құрмет көрсетті. Мына көрініс, шынында да, жан толқытар көрініс болды. Ол оқырмандардың ортақ ойын, ақынға ортақ құрметін білдіріп, жинақтап берді десек керек. Сөйлеушілердің қай-қайсысы да Жұма-Назар жырларының шынайылығын, ал өзінің қарапайым көрінгенімен өмірде көсемсөздерімен үнемі проблемалар көтеріп жүретін күрескер тұлға екенін айтып, ақынның мерейін өсіріп, көңілін тасытты. Сөйтіп, поэзия-жыр кеші мерекесіне жиналған көрермен-тыңдармандар мол рухани азық арқалап қайтты. Мына нарық заманында әр томы 35 баспа табақ жыр жинақ шығару қай ақынға да қиын. Бұл «Сарыарқа сазы» қос томдығы Шымкенттік елге белгілі меценат кәсіпкерлер ағайынды Сейтжановтар Серікжан мен Әлімжанның демеушілігімен Астанадағы «Сарыарқа» баспасынан ерекше көркемделіп, жаңаша дизайнмен безендіріліп жарық көрген. Автор да, жыр кешіне жиналғандар да оларға ақ алғыстарын жаудырды. Сөйтіп, Сомжүректің «Сарыарқа сазы» қос томдық жыр жинағы оқырмандарға жол тартты. Жолы болғай деп тілейміз!

Төлемырза Темірбекұлы,  
журналист, «Төртінші билік» газетінің редакторы.

Жұма-Назар шығараларының арқауы – ең алдымен Торғай өлкесі, сонымен қоса осы өлкенің халқы. Ақын махаббат, табиғат тақырыптарына да көп жазды. Әлі де жазып келеді. Қатар-құрбылары оны «Махаббат жыршысы» деп бағалайды. 60 жылдай астам уақыт жыр жазып келе жатқан ақын шығармаларының саны да, сапасы да ешкімнен кем емес. Ақынның қос томдық жинағына ең тандаулы өлеңдері мен поэмалары топтастырылған.

Қос томдықтың бірінші томы «Ұлымын Амангелді сарбазының» өлеңімен ашылған.

### **Ұлымын Амангелді сарбазының**

Нық қадап туралықтың тал қазығын,  
Ел-ел – деп мұз жастанып, қар жамылдым.  
Бас пайдасы кірмейтін түсіне де,  
Ұлымын Амангелді сарбазының.

Әбдірахман – сарбаз әкем сом білекті,  
Сардарға еріп соғыста ерлік етті.  
Көтеріліске қатысқан бастан-аяқ,  
Кісі еді батыл, қайсар, ер жүректі!

Самалын шомылып жел-жебектің,  
Намыстың мен де туын желбіреттім.  
Өзімнен төртінші атам Бектұр қажы,  
Жалғыз ұл-немересімін Сомжүректің.

Құлымын, асыл халық, асыл ардың,  
Мүнің-жоғын жоқтаймын осылардың,  
Азандап әкем қойған атым – Жұмаш,  
Абыз ата есімін қосып алдым.

Туралықтың келемін туы астында,  
Білмеймін, асаумын ба, жуаспын ба?  
Білетінім – жетсем деп мен күрескен,  
Әділдік қиял қырзай қыр астында

Әділдік деп көп болды алысқалы,  
Қалам-найза сілтескен қағысқалы.  
Жамандықтың неткен бұл жаны сірі,  
Ауылы адалдықтың алыста ілі.  
Қиянаттар қинайды ақын жанының,  
Ақсақалдық жасқа да жақындадым.  
Шындық үшін шырылдап отқа түсер,  
Әділдік сарбаздары сапындамын!

## **Көш келеді**

Басынан өр Алтайдың көш келеді,  
Көшкен сайын көңілім хош көреді.  
Сол көшпен тар заманда, зар заманда,  
Амалсыз айрылысқан дос келеді.

Тарбағатай тауы асып көш келеді,  
Көшкен сайын көңілім хош көреді.  
Оралған бауырлармен қауышқанда,  
Қуаныштан жанарға жас келеді.

Тағдыры тығырыққа тірелгенде,  
Ел ауып тентіреген, тіленген де.

Алдынан «бауырым» деп қарсы ал, қазақ,  
Көш келеді Омбыдан, Түменнен де.

Қазағыңды тарт, қазақ, бауырыңа,  
Қамқор болып кіргізгей қауымыңа.  
Кәріс, неміс, шешенді паналаттың,  
Бұдан да заман жаман ауырында.

Тәңіртаудан тағы бір көш келеді,  
Көшкен сайын көңілім хош көреді.  
Сол көшпенен асырар айбынымды,  
Самсаған сарбаз қолы – қос келеді.

Алла ләйім жеткізгей сол арманға,  
Оралып көш келеді Оралдан да.  
Тебіренем жүрегім алып-ұшып,  
Отандасым Отанға оралғанға.

Қара көз – қара маржан қандастарым,  
Сендерсіз күшім асып, жанбас бағым.  
Қызылдармен қырқысып, шекара асып,  
Қайтпаған қайсар болат, алмастарым.

Туысқандар, бауырмал, бауырларым,  
Қызылдың көрдік біз де ауыр заңын.  
Жүрдіңдер сендер қайта еркінірек,  
Құдайсыз қоғам болды – бағынғаным.

Әжелер бозінгені боз даланың,  
«Туған жер» деп боздап сан созған әнін.  
Сүйем мен де келемін жырға қосып,  
Боз далада боз саулық қоздағанын.

Өр Найман, Үйсіндерім, Керейлерім,  
Кешегі бай мен мырза, кедейлерім.  
Туған жерге оралып, бауыр басып,  
Өркендеп өссін көңіл мерейлерің.

Сәйгүлігін бәйгеге баптай білген,  
Халқының ән-жырларын жаттай жүрген.  
Нағыз қазақ сіздерсіз салт-дәстүр мен  
Тілін, дінін тап-таза сақтай білген.

Шала орыс боп сұйылған қаймағымыз,

Сүрініп, құлап қанша тайғанымыз.  
Өздеріңмен өзгеріп, өркен өсіп,  
Қазақтанып келеді аймағымыз.

Өсірген иықты мен қылықтыны,  
Сіздерден біз алармыз ұйытқыны.  
Жақсарар салауатты ұрпақ өсіп,  
Алады құйма құлақ құйып мұны.

Қаракөзім, қандасым, қарағым-ау,  
Құлагер, құлан жортқан дала мынау.  
Міндет бізге игеріп, ие болып,  
Досқа күлкі, дұшпанға таба қылмау.

Көбейіп толтырайық даламызды,  
Көркейтейік ауыл мен қаламызды.  
«Ұлтым – қазақ, руым – алаш» дейтін,  
Бауырмал өсірейік баламызды.

Дала бұл – Асан қайғы жыры болған,  
Түспейтін билік тізгін жібi қолдан.  
Айтайық қай батырын, қай ақынын,  
Ұлы дала ұлдары ұлы болған.

Самалын жұтар ағза қанғанынша,  
Тағат таппай ел-жұртқа барғанынша.  
Қазақтың ұлы көші тоқтамасын,  
Жат жерде соңғы қазақ қалғанынша.

***Ақын Жұма-Назар Сомжүрек***

Міне, өзі айтқандай ақсақалдық жасқа жеткен ағамыздың жан сыры осы! Ақын өзі көрген алуан түрлі жәйттар туралы қалам тербейді. Өлеңдерінде шыншылдық пен сыншылдық басым. Қашанда ақиқатты айтады және жеріне жеткізе алады. Қазақ әдебиеті газетіне « Әдебиет рухани әкеміз!» деп тамаша мақаласы шықты. Сол мақаланы барша қазақ қауымы, әсіресе ұстаздар ортасы сондай жылы қабылдады. Аталмыш газеттің бетіне ағамыздың осы туындысын қолдаған көптеген мақақалар басылды. Шындығында да «Әдебиет – қай ұлттың болмасын рухани әкесі» екені анық. Әдебиет ұлы әсіресе, жас ұрпақты тәрбиелеудегі ең күшті, ең пәрменді, ең ауқымды құрал деуге болады.

## **Жұма-Назар Сомжүрек** (арнау өлең)

Біз едік сен оқытқан бала-шаға,  
Кенелдік дәрісіңнен тамашаға.  
Ол менің 123-тегі кезім еді,  
Солбір жыл есінде ме, Жұмаш аға?!

Болатын Мың Тоғыз Жүз Алпыс Жеті,  
Алдыңда жатты – «Қазақ әдебиеті».  
Оқы! – деп бердің маған сол газетті,  
Қарасам өлең екен екі беті.

Қадырдың, Жүмекеннің, Марфуғаның,  
Басқа да талай жан әр тұлғаның.  
Жырлары басылыпты!!  
Есімде аға,  
Тербеліп бөлие ішінде шарқ ұрғаның!

Соңан соң жыр туралы сөз бастадың.  
Біздерге алуа-алуан ой тастадың.  
Жараған бауырынан арғымақтай  
Сыйв алмай кең бөлмеге ойқастадың.

Білгенді айту – міндет-парыздағы  
Жыршылай көрінуші ең- аңызлағы!!  
Жарқырап амаңлайың тұрушы елің,  
Болсада жап-жас жігіт отыздағы.

Ақындық өнеріңе басымды иіп.  
Келемін содан бері әлі сүйіп.  
Тағдырдың тепкісіне төтеп берген,  
Кім сені осал, дейді көзі қыйып?!

***Мақаш Мұхамметқали***

## *Бауыржан Батыр*

### *Ер серті*

Жау шапты.

Күн туды ауыр ел басына.  
Күн туды, салмақ түсер ер басына.  
Бір емес, екі сойқан соғыс шығып,  
Жиырмасыншы айналды кер ғасырға.

Жүрген ек кеше ғана жайраң қағып,  
Сан қала жатыр бүгін ойрандалып.  
Енді-енді есін жиып келе жатқан,  
Аранға тағы түстің қайран халық.

Біз бе екен жасқанатын жаудан қашып,  
Көрелік күш сынасып майданда ашық.  
Бір апта жүздеспесек жылдай болар,  
Хош махаббат,  
сүйген жар, қайран ғашық.

Өзіңді қорғай алсам, қалған елім,  
Одан өзге арманым бар ма менің.  
Жауға аттанып барамын, бер батаңды  
Ерке өскен, еркін өскен ардаң едім.

Хош туған жер,  
хош елім, жайсаң далам,  
Белгілі аманатың айтар маған.  
Фашизмнің ордасын ойран етіп,  
Кек қайырмай оралмас қайсар балаң.

Жеңістің көппен көріп асық таңын,  
Үміт зор,  
оралармын асып бағым.  
Шайқастарда жан беріп, жан алысқан,  
Қайыспан қалғанша бір қасық қаным!

*Жұма-Назар Сомжүрек*

## Мазмұны

|                                              |       |
|----------------------------------------------|-------|
| 1. Ақынның шығармашылық жолы.....            | 2     |
| 2. Ақынның атасы Назар абыз әулие.....       | 3-13  |
| 3. Сарыарқа сазы – жерлесіміздің жинағы..... | 14-15 |
| Ұлымын Амангелді сарбазының.....             | 15-16 |
| 4. Көш келеді.....                           | 16-18 |
| 5. Жұма-Назар Сомжүр (арнау өлең).....       | 19    |
| 6. Бауыржан батыр.....                       | 20    |

*Кітапхананың мекен- жайы :  
101200,  
Қостанай облысы, Амангелді ауданы  
Дүйсенбин көшесі, 38  
Тел.8(71440)21-3-99,21-7-70  
[Aman.kitaphana@mail.ru](mailto:Aman.kitaphana@mail.ru)*

*Құрастырушы: А.К.Аубакирова  
Компьютерлік терілім: А.К.Аубакирова  
Редактор: Ж. Б. Бірмағамбетова  
04.02.2020  
Ксерокс  
Таралым 3*